

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Сарысу аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 362 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 10 ақпанда № 2930 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Сарысу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сарысу ауданында 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Асановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Жайлыбаев

Сарысу ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 362 қаулысына қосымша

Сарысу ауданында 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар	Мемлекеттік білім беру тапсырысы (орын), оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)
		республикалық нысаналы трансферттер есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	Жергілікті бюджет есебінен (теңге)	
	Балабақшалар					

1	(ауыл)	250	300	24356	34573	5000
2	Шағын орталықтар (ауыл)	300	25	16226	16757	4500
3	Балабақшалар (қала)	585	255	22586	24545	6000
4	Шағын орталықтар (қала)	75	50	15226	13595	4500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК